

РЫСБАЙ ЖӘНІБЕК

Менің шежірем

Рысбай атамнан Бәйдібек бабаға дейін

РЫСБАЙ

Рысбай атам 1946 жылы дүниеге келген. Әкесі жұмыс бабымен журді , ағасы әскерге оқуға кетіп 14 жасынан бүкіл үй шаруасын өзі атқаратын. Атам сегіз қырлы бір сырлы адам болатын, мінезі тұйық бірақ адамдардың бәріне ашық болатын , бәрімен жақсы қарым қатынас ұстанатын.

Жамбыл облысы, Талас ауданы , Каракуль совхозының директоры болған . Ол совхоз ерекше бір қозынын терісін шығарумен айналысатын және кейбір іс әрекеттерде тікелей Мәскеуге ғана бағынатын.

Атам “Самбодан” халықаралық спорт шебері , КСРО - мен мойындалған жаттықтырушы. Өте күшті шымыр кісі болған. 4-5 жігіт жылжыта алмай жатқан

ірі малды жалғыз өзі сүйреп беретін. Жалғыз өзі бір күнде құдық қазып тастайтын.

Атам өте еңбеккеш болатын , қолы бос кезде ауылдаың адамдарының үйіне барып жұмыстарын бітіріп беретін, ол үшін ешқандай ақы да төлем де сұрамайтын. Сондай ақ көңілі үшін бүкіл ауыл жақсы коретін.

Атам өте өнерлі болатын ; домбыра , гитара , баянда да ойнайтын. Даусы өте күшті әдемі ерекше болатын, эстрададағы Әлібек Днишев сияқты әншілермен салыстыратын. Кез-келген отырыстын , жиынның гүлі болған , ол кісі отқан жерде әңгіменің бәрі атамның жанында айтылатын.

Атам өмірден 47 жасында суға батып озды . Өте мықты жүзетін , бірақ ажалы жеткен болар жүрегі тоқтап суға батты

Өмірден бар жоғы 47 жасында кетсе де 100 жыл өмір сүргендей еңбек етіп кеткен.

Ауылда атамның қол ұшын, көмегін көрмеген адам жоқ десе де болады. Қайтыс болған кезде адамдар 2-3 жыл бойы көңіл айтып кеп жүрді , Қазақстанның басқа да аймақтарынан келіп жатты .

Жігіттің де жігіті бар азаматы бір бөлек!!!

ДӘУЛЕТ

1910 жылы дүниеге келген. 2 - ші Дүниежүзілік Соғыс Ардагері. Соғыста бауырынан басынан ауыр жарақаттар алған. Өте түрі суық кісі болатын , онын жанында ешкім артық сөз сойлемейтін.

Соғыстан кейін бірнеше жыл парторг қызметін атқарған. Өте діндар кісі болған ескіше хат танитын. Парторг қызметінде діни құлшылықтарын өтеу мүмкін болмағаны үшін ол қызметтен кетіп , совхоздын сиырын бағуға көшті. Сиыр бағып жүріп совет өкіметі кезінде ешкімге білдіртпей діни құлшылықтарын өтеді.

БАЙДІЛДА

Туған жылы мен нақты қайтыс болған уақыты белгісіз. Өте білімді діндар кісі болған, қолынан кітап тастамайтын дейді. Өте жұмсақ , бейазы мінезді болған дейді әжелеріміз. Саятшылықпен және аңшылықпен айналысқан.


ДҮЙСЕНБІ -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
НАЗАРБЕК -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
ҚАПСАЛАҢ -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
ҚҰТТЫБАЙ -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
ЖАҚСЫБАЙ -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
САРТ -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
БЕКЕН -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
ЖӘНІБЕК -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
КҮНТУ -МӘЛІМЕТ ЖОҚ
ЖИЕНБЕТ -МӘЛІМЕТ ЖОҚ

ШЫМЫР




ШЫМЫР

ДУЛАТ



ЖАРЫҚШАҚ



БӘЙДІБЕК

